

СРС

***Тақырыбы : Жасуша және тіндер дақылдары,
вирустарды өсіру тәсілдері. Вирусологиялық әдіс.***

Орындаған : Бейбіт А. Б.

Топ : 212

Факультет : Жалпы Медицина

Тексерген : Нугурбекова А. К.

Семей 2016 жыл

Жоспар :

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

1. Жасуша мен тіндерді дақылдандыру шарттары

2. Абсолюттік жасуша ішілік паразитті дақылдандыру .

3. Вирусологиялық зерттеу

III. Қортынды

IV. Пайдаланылған әдебиеттер

КІРІСПЕ

Ғалымдар Жасуша мен тіндерді және Әр түрлі микроорганизм дақылдарын өсіруде олардың табиғатына қарай әр түрлі қоректік орталар дайындау арқылы олардың таза дақылдарын алды. Сонымен қоса микроорганизімдердің бактериялардың, вирустардың морфологиясын, физиологиясын зерттеп, олардың организм ағзасында тудыратын зиянды ауруларын ашып, адам өмірін ұзарту, әр түрлі аурулармен күресу және алдын алу, тұрғындардың денсаулығын сақтау шараларын жүргізді. Және жұқпалы аурулар патологиясында микроорганизімдердің рөлін ғылыми тұрғыдан дәлелдеді.



Негізгі бөлім

Дақылдандыру шарттарына келетін болсақ :

- 1. Құнды қоректік ортаның болуы Кез-келген қоректік орта құрамының күрделілігі мен пайдалану мақсатына қарамастан негізгі судан энергия мен көмерсутегінің органикалық көзінен, тұрақты РН пен осмоттық қысымы болуы қажет.*

2. Дақылдандыру температурасы

Көбею жылдамдығына температура әсерін тигізеді. Жасуша және тін дақылдары әртүрлі температураға әртүрлі жауап береді. Кейбір дақылдар өте жылы ортаны ұнатса, кейбіреулері керісінше салқын ортада жақсы өседі.



3. Дақылдандыру атмосферасы

Жасуша не тін дақылдары өсіп, көбеюі үшін оттегі қажет және бүкіл ортаға оттегі диффузиялы таралуы қажет .

Кейбір дақылдар петри табақшасындағы агардың бетінде, не сұйық ортаның жұқа беткі қабатында жақсы өседі. (аэробты бактерия).

Кейбірі сұйық ортаның сұйық деңгейінде жақсы өседі. (қатан аэробты бактерия)



4. Дақылдандыру уақыты.

Генерациялау уақытына байланысы. Мысалы: бактерия жасушасы 18-48 сағат аралығында дақылданады, көкжөтел қоздырғышын дақылдандыру үшін 5 тәулік қажет.



5. Жарықтандыру

Жарықты не күн сәулесін қажет ететін жасуша дақылдары үшін өте қажет. Мысалы :

фототрофты бактерияны өсіру үшін жарық қажет .

Шартты патогенді бактериялардың кей түрі жарықтандыруға байланысты пигмент түзеді, оны идентификациялау кезінде пайдаланады.



*Абсолюттік жасуша ішілік
паразитті дақылдандыру*

Жасушалар дақылдарына немесе жануарлар мен буынаяқтылардың организімінде, сонымен қатар тауық эибриондарында өсіру арқылы іске асырылады. Тауық эмбриондарын гетеротрофтық деңгейлі жоғары бактерияны дақылдандыруда қолданады.

Өндірістік жағдайларда бактерия мен саңырауқұлақтардың биомассасын дақылдандыру сыйымдылығы әртүрлі арнайы аппараттарда микробтардың өсуі және көбеюінің тиімді параметірлерін қатаң түрде сақтау арқылы асырылады.




Вирусология (лат. *virus* – у және грек. *logos* – ілім), – вирустар туралы ғылым. Жалпы, вирустардың табиғатын, олардың құрылысын, көбеюін, биохимиясын, генетикасын зерттейді. **Мед., ветеринарлық, патогенді вирустарды**, олардың инфекциялық қасиеттерін зерттейді, олар тудыратын аурулардан сақтану шараларын, диагностикасын және емдеу жұмыстарын қарастырады.



Жеке вирустардың иммунологиялық кейпі, биохимиялық, физико-химиялық қасиеттері анықталып, адам жануарлар мен құстар денесінде вирустық ауруларға қарсы тұратын ингибиторлар мен антиденелер (қармауыш денелер) түзілуіндегі заңдылықтар зерттеліп, түзілу барысында олардың комплементтік байланыста болатыны дәлелденді. Иммундық интерферонның қалай түзілетіні анықталып, оның индукторы ұсынылды вирустық ауруларды иммундық жолмен анықтау, олардан сақтану, оларды емдеу әдістері жетілдірілді. Республикада В-лық зерттеулерді ҚР Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы проблемалық комиссия мен Қазақстан эпидемиологтар, микробиологтар мен паразитологтар ассоциациясы үйлестіріп отырады.



Кене арқылы жұғатын энцефалит, қырым қанталау қызбасының, т.б. арбовирустық аурулардың табиғи ошақтары табылып, эпидемиол. ерекшеліктері сипатталды; арбовирустардың ғылымға беймәлім жаңа 3 түрі ашылып, олар тудыратын ауруларды анықтау әдістері табылды, Қызылша эпидемиологиясы, қызылшаға қарсы жаппай егу, оның тиімділігін арттыру жөнінде бағалы ұсыныстар жасалды. Кейбір вирустық ауруларға тән клетка тізбектерін (линияларын) және органдардың тіндік эксплантаттарын алу әдістері табылды.



Тұмау штаммдары бөліп алынып, жеке-жеке зерттелді, олардың антигендік құрылымы картаға түсірілді, тұмауға эпидемиологиялық және экологиялық тұрғыдан сипаттама беріліп, вакцина егу арқылы сақтану әдістері табылды (Тұмау вирусының молекулалық биологиясы, генетикасы жайлы жаңа мағлұматтар алынды, Полиомиелит эпидемиологиясы, осы аурудан вакцина егу арқылы сақтану мәселелері егжей-тегжейлі зерттелді).



Жүкті әйелдерді жұқпалы ауруға шалдықтыратын энтеровирустар мен ротавирустардың рөлі анықталды
Ротавирусты анықтайтын диагностика жасалды
Құтыруға қарсы егілетін сарысу (сыворотка) алу тәсілі табылды
А және Б гепатиттерінің эпидемиологиясы зерттеліп, оларды анықтау, өзара ажырату әдістері жетілдірілді
С, Д, Е және G гепатиттерінің таралу жолдары зерттеліп олардың клиник. ерекшеліктері анықталды
СПИД (жүре пайда болатын иммундық тапшылық синдромы) ауруының таралу жолдары, диагноз қою тәсілдері және оның алдын алу шаралары зерттелді.



Вирустардың тұқым қуалаушылық қасиеттерін зерттейтін ғылым – молекулалық генетикамен тығыз байланысты. В-лық зерттеулер Қазақстанда Қазақ эпидемиологиялық, микробиологиялық және гигиена ғылыми-зерттеу институтында және Қазақстан Ғылыми Академиясының Микробиология және вирусология институтында жалпы вирусология лабораториясы (1956ж.) ашылғаннан кейін басталды. Кейін вирусология саласындағы зерттеулер көлемі жағынан едәуір ұлғайтылды: аталған 2 институттың құрамында 7 арнайы лаборатория жұмыс жасайды.

ҚОРЫНТЫНДЫ

Бактерия мен вирустар көзге көрінбейтін ұсақ ағзалар болғанымен олардың өзіндік құрлысы, морфологиясы, физиологиясы бар. Сонымен қатар олар табиғатта өте көп кездеседі. Әрі өсіп-жетілуі де өте тез, оңайлықпен жойылмайды. Әр түрлі жаман, қатерлі аурулардың, ісіктердің ауру қоздырғыштары болып саналады. Сондықтан олардың дақылдарын алып зерттеу олардың сырын, табиғатын ашып, одан әрі жете білу өте маңызды. Әрі қоздырғыштарды дер кезінде анықтап адамзатты олардың зардабынан құтқаруға болады.



Қолданылған әдебиеттер :

- 1. Н. М. Шоқанова, С. Р. Сағындықова, Ф. М. Серікбаева Микробиология “Арыс” баспасы, Алматы-2003ж .*
- 2. Б. А. Рамазанов, Қ. Р. Құдайбергенов, Медициналық микробиология, Алматы -2010 ж.*
- 3. Интернет желісі.*



Назарларыңызға рахмет!

